

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 214 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 маусымда № 4560 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 28.04.2017 № 178 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері осы қаулының қосымшасына сай бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е.Сабырбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

А. Смаилов

Тарбағатай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы " 11 " мамыр
№ 214 қаулысына
Қосымша

2016 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырмасын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері

Бір айда бір тәрбиеленушінің жан басына қаржыландыру мөлшері, теңге				Тәрбиеленушілер саны, Республикалық бюджеттен		Бір айда бір тәрбиеленушіге орташа шығынның құны, теңге		Бір : ата-а төле: мөлш: тенге
Балабақшалар, бөбекжайлар		Шағын орталықтар						
Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Балабақшалар , бөбекжайлар	Шағын орталықтар	Балабақшалар , бөбекжайлар	Шағын орталықтар	
30000	22680	20 000	14 500	989	970	25000	14 000	1100

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК